

ОӘЖ 340

Майшекина Эльдана Советовна

PhD докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail: eldana_18@mail.ru

ӘЛЕМДЕГІ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ИНСТИТУТЫНЫҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

Бұл мақалада, әлемдегі Президент сайлауы институтының қалыптасуының тарихи –құқықтық аспектілерін қарастыра келе, Қазақстандағы Президенттік сайлауға тоқталған. АҚШ, Франция мемлекеттеріндегі президенттік институтын қарастырған. Автор Қазақстандағы Президенттік сайлау ерекшеліктеріне тоқталған.

Автор президенттік институттың қалыптасуын қарастырған. Біріншісі – Президентті алқалық орган сайлайды. Парламенттік республикалардағы мемлекет басшыларын сайлау жүйесі американдық үлгіден туындайды, оның негізіне Президентті халық емес, белгілі бір азаматтар тобы сайлайтын қағида жатады. Президент сайлауының екінші үлгісі – бүкілхалықтық дауыс беру арқылы сайлау, бұл үлгі республикалық басқару нысаны бар көпшілік мемлекеттерде, оның ішінде Қазақстан Республикасында қолданылады. Сондай-ақ, әр үлгінің қандай да бір ұлтқа тән өз ерекшеліктері мен өзгеше белгілері бар. Мысалы ретінде көрсетілген, Президентті сайлаудың американдық үлгісі кеңестік дәуірден кейінгі кеңестік елдеріне жарамсыз, сондықтан да ең тиімді болып табылған мемлекет басшысын бүкілхалықтық сайлау жүйесі негізге алынды.

Түйін сөздер: Президент, сайлау, институт, мемлекеттік басқару, бюллетен, реформалар.

В данной статье рассматривается теоретико-правовые аспекты становления института президентства, различных систем президентских выборов, в частности США и Франции. Автор останавливается на особенностях Президентских выборов в Казахстане.

Автор рассматривает становление института президентства, были сопоставлены две модели избрания главы государства. Первая – когда Президент избирается коллегиальным органом. Система избрания глав государств в Парламентских республиках, производной от американской модели, в основу которой лег принцип выбора Президента не народом, а определенным кругом граждан. Вторая модель выборов Президента – избрание путем всенародного голосования, которая прижилась в большинстве государств с республиканской формой правления, в том числе и в Республике Казахстан. При этом каждая модель имеет свои особенности и специфические черты, свойственны той или иной нации. Например, Американская модель избрания Президента не приемлема для стран постсоветского пространства, именно поэтому за основу была взята система всенародного избрания главы государства, что и явилось наиболее оптимальным вариантом.

Ключевые слова: Президент, выборы, институт, бюллетен, служба, реформы.

This article discusses the theoretical and legal aspects of the formation of the Institute of presidency, various systems of presidential elections, particularly in the United States and France. The author dwells on the features of the Presidential elections in Kazakhstan.

The author considers the establishment of the institution of the presidency, two models of the election of the head of state were compared. The first is when the President is elected by a collegial body. The system of electing heads of state in the Parliamentary republics, derived from the American model, based on the principle of choosing the President not by the people, but by a certain circle of citizens. The second model of presidential elections is election by popular vote, which took root in most states with a republican form of government, including in the Republic of Kazakhstan. In this case, each model has its own characteristics and specific features that are peculiar to a particular nation. For example, the American model of election of the President is not acceptable for the countries of the post-Soviet space, that's why the system of popular election of the head of state was taken as the basis, which was the most optimal option.

Keywords: President, elections, Institute, Bulletin, service, reform.

Қазақстан Республикасы – жақында ғана Тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өткен тәуелсіз жас мемлекет. Көптеген заңгерлер мен тарихшылар қазақ халқының және қазақ мемлекеттігінің ежелгі тарихына сілтей отырып, қарсылық білдірулері мүмкін екендігі де сөзсіз. Сонда да тарихи уақыт шеңберінде тәуелсіз республика ретінде Қазақстан–жас мемлекет. Бірақ Қазақстанда президенттік институт толық қалыптасқан деп айтуға әлі ерте, себебі мемлекет құрылғаннан бері Президент орнына балама кандидат әлі сайланған жоқ. Қазақстан

Республикасының бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаев 1990 жылдан бастап, алдымен 1995 жылдары өз өкілеттілігін созу арқылы (бүкіл халықтық референдуммен анықталған), одан кейін 1998, 2005, 2010 жылдары бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде тұрақты, өзгеріссіз мемлекет басшысы болып қала берді. Қазақстанда мемлекет басына жаңа Президент келген жағдайда сайлау құқығы және мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарын ұйымдастыру салаларында жаңа реформалар жүргізілуі мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Сондықтан, Қазақстан Республикасында Мемлекет басшысын сайлау мәселелері өзекті болып қала береді деп ойлаймын. Қазақстан Республикасында Президентті сайлау институтын зерттеу Президентті сайлау тәртібін реттейтін сайлау құқығы дамуының халықаралық тәжірибесін есепке алмай жүргізілуі мүмкін емес. Тек қана дамыған мемлекеттердегі Президенттік сайлау тарихы ерекшелігін зерттей отырып, оның генезисіне әсер ететін факторларды және дамуының негізгі тенденцияларын анықтай отырып, осы салада оңтайлы құқықтық өзгерістер ұсынуға болады.

Мемлекетте Президенттік басқару қалыптасқан және Республикалық басқарудағы мемлекеттің халқына демократиялық зайырлы құқық берілген. Монархиялық және Президенттік басқару түрлері көптеген мемлекеттерде өз үстемдігін жүргізеді, осы Президенттік басқару түрінің ерекшелігі:

- 1) сайлау құқығы;
- 2) жеделдігі;
- 3) лауазымнан кету (бас тарту) мүмкіндігі [1, 106.].

Қазақстан Республикасында Президенттік институттың жақында ғана пайда болғандығын және ал оның отаны АҚШ болып табылатындығын ескере кеткен жөн. Президент билігін енгізу мәселесі алғаш рет 1787 жылы Филладельфиядағы Конституциялық конвентте АҚШ-тың жаңа Конституциясын жасау кезінде талқыланған болатын. Оған дейін мемлекетте жоғары билікті ұйымдастырудың монархиялық тәсілі болған. Оның өзіне тән айырықша белгілері: тақ мұрагерлігі, билік басында өмір бойы болу және шектеусіз өкілеттік. Алайда, монархтың шектеусіз билігіне британдық тәж тұрақты жақтырмаушылықты қалыптастырған солтүстік американдық штаттар үшін бұл тиімсіз болды [2, 176.].

Американдық Конституцияны жасаушылар 1787 жылы президенттік институт негіздерін қалыптастыру барысында штаттардағы заң шығарушы және атқарушы биліктің (ассамблея-губернатор) қалыптасқан қарым-қатынас теңдігіне сүйенді. Осылайша, бұрынғы билік қарым-қатынас жүйесімен сабақтастық сақталды, ол өз кезегінде АҚШ-та президенттік институттың біртіндеп қалыптасуы мен эволюциялық дамуына мүмкіндік туғызды.

Біздің ойымызша, әр алуан нұсқалары ұсынылса да, АҚШ-тың Конституциясын жасап шығарушылар Президенттік сайлаудың ең күрделі жолын таңдаған тәрізді. Бірінші нұсқа бойынша, Президентті АҚШ Конгресінің заң шығарушы органы сайлауы керек болды. Алайда атқарушы биліктің Басшысын

сайлаудың мұндай тәсіліне қарсы мынадай дәйектер келтірілді:

1) конгрессмендер Президентті сайлаған жағдайда олардың арасында Конгресс жұмысының тиімділігіне кері әсер ететін келіспеушілік туындайды;

2) Президенттің мұндай сайлауы Конгресте сыбайластық жемқорлық пен шиеленіс жағдайын тудырады;

3) Конгреске мұндай өкілеттікті беру заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы күш теңдігін жылжытады [3].

Екінші нұсқада Президент сайлауын штаттардың заң шығарушы жиынының сайлауы ұсынылды. Алайда, жаңа сайланған Президент өзін сайлағаны үшін заң шығарушы жиынға алғыс білдіруі және атқарушы биліктің орталық органдарының ықпалын әлсіретуі мүмкін болғандықтан, бұл нұсқа да жарамсыз болып табылды [4].

Президентті АҚШ азаматтарының тікелей сайлауына қарсы мынадай жайттар болды: басқа штаттардың үміткерлері туралы толық ақпарат алмаған әрбір штаттың тұрғындары өздеріне жақын үміткерге дауыс береді. Яғни өз штатының адамына немесе соған жақын адамға. Бұл жағдайда барлық штат бойынша бірде-бір үміткер абсолютті көп дауыс санын жинай алмау жағдайы мүмкін болды. Сонымен қатар, сайлаудың бұндай жүйесінде халық көп шоғарланған штаттардың ықпалы басым түсетін болды [5, 2656.].

АҚШ Конституциясының 1 Тарауының 2 бабына сәйкес Президент атқарушы билікті басқарады және Вице-Президентпен бірге төрт жылға сайланады. Президент және Вице-Президентті заң шығарушы жиын белгілеген әрбір штат тағайындаған ретпен сайлаушылар сайлайды. Сайлаушылар әрбір штатта Конгреске жіберуге құқығы бар штат жіберген сенаторлар мен өкілдердің жалпы санына тең мөлшерде сайланады; оған қоса Құрама штаттарының қызметінде ресми және табыс әкелетін лауазым атқаратын бірде-бір сенатор немесе өкіл сайлаушы болып тағайындала алмайды [6].

Өз кезегінде сайлаушылар өз штаттарында жиналады да, сайлау бюллетенімен екі адамға дауыс береді, оның біреуі өз штатының тұрғыны болмауы керек. Олар өздері дауыс берген барлық адамдардың тізімін жасайды, онда әрбіреуіне дауыс берілген сандарын көрсетеді: бұл тізімге олар қол қояды, куәландырады және мөрлеген бетінде Құрама Штатының Үкіметі орналасқан жерге Сенат басшысы және Палата мүшелерінің қатысуымен барлық мөрленген тізімдерді ашады, одан кейін

берілген дауыстар есептелінеді. Ең көп дауыс жинаған тұлға, Президент болып сайланады, егер де, бұл сан барлық сайлаушылардың санынан көбірек болса, егер де осындай көбірек дауысты бірнеше адам жинаса, онда Палата мүшелері оның біреуін сөзсіз Президентке қабылдайды: сайлау бюллетендерімен сайлай отырып егерде бірде-бір адам көпшілік дауыс жинамаса, онда айтылған Палата осындай тәсілмен Президентті тізімде болған барлық үміткердің арасынан ең көп дауыс жинаған бес адамның арасынан сайлайды. Бірақ, Президентті сайлауда дауыстар штаттар бойынша беріледі, сонымен қатар әрбір штаттан бір дауыс болады: бұл жағдайда Палата мүшелері нәтежелерді екі немесе үш штаттан жинайды; сонымен қатар Президентті сайлауда барлық штаттардың дауыстары қажет. Әр жағдайда Президент сайлауынан кейін сайлаушылардың ең көп дауысын жинаған адам Вице-Президент болып сайланады [7, 4876].

АҚШ Президентіне үміткерлерге қойылатын талаптар:

- 1) туғаннан АҚШ азаматы болу керек;
- 2) 35 жасқа толған;
- 3) АҚШ аумағында 14 жыл бойы тұру керек.

Штаттарда құрылатын сайлаушылар алқасын құрудың қағидасын атап айтуға болады: заңнама жиналысы арқылы сайлау; сайлаушылардың жалпы дауыс беруі сайлау; штаттар ішіндегі сайлау округтары бойынша сайлау арқылы. 1796 жылы сегіз штат сайлаушыларды жалпы дауыс беру арқылы дауыс берумен сайлады. 1800 жылы сайланушыларды штаттар легистураларында сайлау Массачусетс, Пенсильвания, Нью-Гэмпшире штаттарында қолданыла басталды. Вирджиния штатында сайлаушылардың жалпы дауыс беруімен бір тізім бойынша сайланды. Нью-Йорк штаты сайлаушылардың топтарын заңды жиналыс арқылы құрастыруға құқық берді. Пенсильванияда бұл легислатура құқығы болды, бірақ толығымен емес, палаталар бойынша болды (XVIII ғасыр аяғында Пенсильвания екі палаталы легислатура жүргізді). Сайлаушылардың штат бойынша сайлау құқығын бере отырып федералды үкімет сайлау процесіне әсер ететін кінәларды ескертті. Сайлаушылар жиналысы тек қана өз штат аумағында өткізілді. Сайлаушылар өз аумағының адамына дауыс беретін жағдайда қарастырылды. Осыны болдырмау үшін ереже енгізілді, онда әрбір сайлаушы екі дауыс беру керек және екінші дауыс басқа штат үміткерлері үшін болу керек. «Сайлаушылар өз штаттарында жиналады да, бюллетень арқылы екі адамға дауыс береді, олар бір штаттың

тұрғыны болушы керек».

Сайлау аяқталғаннан кейін хаттама жазылады, онда сайлаушылар атаған барлық үміткерлер және әрбіреуіне берілген дауыс сандары көрсетіледі. Жиналыс қорытындысының хаттамалары конвертте мөрленіп Конгресс сенатының төрағасына жіберіледі, олар палата жиналысында ашылып жарияланды [8, 264-2656].

Жоғарыда көрсетілген АҚШ-та Президентті сайлау жүйесінің авторларының бірі А. Гамильтон көрсеткендей «Құрама Штаттарының жоғары лауазымды тұлғасын сайлау тәртібі – қатаң сөгістен аулақ болған немесе оның қарсыластары тарапынан әлсіз қолдау алған жүйенің жалғыз маңызды бөлігі». Ең салмақты басылым беттері президент сайлауы өте жақсы қорғалған деп мойындады. Алға көз жіберіп, еш күмәнсіз айта аламын: олардың тәртібі жетілдірілмеген болғанымен, керемет. Қалағанымыздай, барлық артықшылықтар жоғары дәрежеде біріктірілген».

А. Гамильтон қалайлар ретінде атап көрсетті:

- 1) сонымен, халықтың «жоғары сенімі» лайықты тұлғаға көрсетіледі;
- 2) лайықты Президентті алдын ала қалыптасқан орган емес, «халықтың сайлауымен нақты байланыстар мен ерекше мақсаттар үшін» тұлғалар сайлайды;
- 3) халықтың арасынан сайланған сайлаушылар Президентке үміткер туралы жақсы хабардар және сайлауды жүзеге асыру кезінде талдауға қабілетті адамдар;
- 4) бұл жүйе АҚШ-та халықтық толқыныстарды ескертеді, өйткені Президентті халық сайлағанда, халықтың толқуы артады. Егерде Президентті сайлау өз штаттарында бір-бірінен алшақта және халықтың алыс сайлаушылардың азырақ санымен жүргізілсе, онда халықтың қарсылығы бірнеше есе қысқарады;
- 5) ең негізгісі, Президентті сайлаудағы осындай тәсіл қастандықтың, шиеленістің және сыбайластық жемқорлықтың алдын алу болып табылады.

19-ғасырда үкімет басшылығындағы өз жүйесінде Президенттік институтты АҚШ-тан кейін бірінші болып енгізген Латын Америка елдері болды. Еуропа елдерінің ішіндегі бірінші Президенттік республикалар болғандар Швецария мен Франция .

Латын Америкасы елінде Президентті сайлауда негізгі жүйе АҚШ-тың құраған жүйесі болды, бірақ ол бұл аумақта тұратын ұлттардың ментальдық ерекшелігіне байланысты бейімделе алмады.

Францияда Президентті сайлау институтының қалыптасуы мүдделі жүрді. Бірнеше рет Францияда Президент билігі 1848 жылы Конституция арқылы енгізілді, ол Екінші республика құрылумен байланысты болды. 1848 жылы Екінші республика Конституциясы бойынша үкіметтік орган жүйесі басшылықтардың бөліну қағидасы бойынша қалыптасты. Алайда бұл жүйеде орталықтағы орын халықтың арасынан сайланған «республика президенті атағын алатын азаматқа» атқарушы билікке берілді. Президент парламентке тәуелді болды және оны тұрғындар 4 жылға сайлады. Президентке ауқымды өкілеттіктер берілген: заң жүйелерін енгізу құқығы; кейінге қалдыру құқығы; кешірім құқығы және т.б. Ол министрлерді тағайындап, орындарынан босатқан ал кейінгілердің кеңесі бойынша – дипломаттарды, әскер және теңіз қолбасшыларын, префектілерді, Алжир билеушілері мен колониялардың және де басқа да лауазымды адамдары да тағайындаған. Президент екінші мерзімге сайлауға қайталап сайланбаған, Ұлттық жиналысты босатуға

құқығы болмаған, бірақ өзінің тәуелсіздігіне байланысы ол атқарушы биліктің барлық тетіктерін – бақылаусыз басқарған.

Осылайша, президенттік институты қалыптаса бастаған кездің өзінде мемлекет басшысын сайлаудың екі үлгісі жасалды. Біріншісі – Президентті алқалық орган сайлайды. Менің пікірімше, Парламенттік республикалардағы мемлекет басшыларын сайлау жүйесі американдық үлгіден туындайды, оның негізіне Президентті халық емес, белгілі бір азаматтар тобы сайлайтын қағида жатады. Президент сайлауының екінші үлгісі – бүкілхалықтық дауыс беру арқылы сайлау, бұл үлгі республикалық басқару нысаны бар көпшілік мемлекеттерде, оның ішінде Қазақстан Республикасында қолданылады. Сондай-ақ, әр үлгінің қандай да бір ұлтқа тән өз ерекшеліктері мен өзгеше белгілері бар. Мысалы, Президентті сайлаудың американдық үлгісі кеңестік дәуірден кейінгі кеңестік елдеріне жарамсыз, сондықтан да ең тиімді болып табылған мемлекет басшысын бүкілхалықтық сайлау жүйесі негізге алынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ибрагимов Н.Ш. Становление и развитие института президентства: теоретический и историко - правовой анализ: дис. ... канд. юр. наук. –Краснодар, 2007. – 163 с.
 2. Паречина С.Г. Институт президентства: история и современность. –Минск, 2003. – С. 163.
 3. Зюзина Е.Б. Институт президентства в США и России: сравнительный анализ: дис. ... канд. полит. наук. – Воронеж, 2002. – С. 220.
- История США в документах // <http://istoria-usa.at.ua/publ/5-1-0-2>.
4. Мухамеджанов Э.Б. Избирательное право зарубежных стран. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 352 с.
 5. The United States Constitution // <http://www.usconstitution.net/const.html>.
 6. Ваденеев Ю.А. Выборы президентов Соединенных штатов в XVIII веке. Очерки по истории выборов и избирательного права: учебн. пособие. –Калуга, 2002. – 692 с.
 7. Гамильтон А., Мэдисон Дж., Джей Д. Федералист: политические эссе. –М.: Издательская группа «Прогресс» – «Литера», 1994. – С. 446–450
 8. Сейлханов Е.Т. Политическая система РК: опыт развития и перспективы. – Алматы, 2009. – 296 с.

Майшекина Эльдана Советовна

Лауазымы: PhD докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, кафедра меңгерушісі мемлекеттік-құқықтық пәндер, Семей қаласы

Пошталық мекен-жайы: 071400, Семей қ., Тәңірберген көш. 31/93

Ұялы. тел: +7 777 877 10 00

Әлемдегі Президент сайлауы институтының теориялық-құқықтық қалыптасуының аспектілері

Майшекина Эльдана Советовна

Должность: доктор PhD, заведующая кафедрой государственно-правовых дисциплин Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, г.Семей

Почтовый адрес: 071400, г. Семей, ул. Танибергенова 31/93

Сот. тел: +7 777 877 10 00

Теоретико-правовые аспекты становления института выборов президента в мире

Maishekina Eldana Sovetovna

Position: Head of the Department of state and legal disciplines of the Kazakh Humanitarian-Law Innovation University

Mailing address: 071400, Semey, Tanirbergenova st. 31/93

Mob.ph: +7 777 877 10 00

Theoretical and legal aspects of the formation of the Institute of presidential elections in the world